

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
Жалғыз қатысушысының

2022 ж. «04» тамыз

шешімімен бекітілді

(«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма
отырысының № 28 хаттамасы)



**«АлматыЭнергоСбыт»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
жарғысы**

Алматы қ. 2022 жыл

1-бап. Жалпы ережелер

1. «АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны басшылыққа алады.

2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы (бұдан әрі – Қатысушы) болып табылады: **«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы** (10.05.2007 ж. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 26877-1910-АҚ), орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15 «А», «Q» бизнес-орталығы, Б блогы, деректемелері: БСН 070540008194, банк деректемелері: «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның №139900 Алматы облыстық филиалындағы ЖСК KZ216010131000078623, БСК HSBKKZKX, БЕК 17.

3. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «АлматыЭнергоСбыт»;

3) ағылшын тілінде: «AlmatyEnergySbyt» limited liability partnership.

Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «АлматыЭнергоСбыт»;

3) ағылшын тілінде: «AlmatyEnergySbyt» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан жері (заңды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ., Алмалы ауданы, Әйтеке Би көш, 172 үй, 27 т.е.ү.

5. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмеген.

2-бап. Серіктестіктің мақсаты мен қызмет түрлері

1. Серіктестік табыс табу мақсатында Қазақстан Республикасының және басқа елдердің аумағында өндірістік, коммерциялық және делдалдық қызметті жүзеге асыру үшін құрылады.

2. Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келуі тиіс және:

1) энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықта электр энергиясын сатып алуды және оны бөлшек сауда тұтынушыларына сатуды;

2) Тұтынушылар мен өндірушілердің мүддесінде нарыққа қатысуды;

3) электр энергиясына тарифті белгіленген тәртіппен есептеуді жүзеге асыруды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарда тарифтерді негіздеуді, келісуді және/немесе бекітуді;

4) электр энергиясын өндіруші, энергия беруші ұйым және тұтынушы арасындағы өзара есеп айырысу жүйесі әкімшісінің функциясын жүзеге асыруды;

5) электр энергиясын ұтымды пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды;

6) консалтингтік қызметтерді ұйымдастыру мен көрсетуді, энергетика саласындағы ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарға қатысуды;

7) бұл қызмет Серіктестік қызметінің негізгі түрлеріне жататын жағдайда, сауда-саттық, сауда-өкілдік, сауда-делдалдық қызметті;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған коммерциялық және кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерін қамтиды.

Тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын жекелеген қызмет түрлерімен Серіктестік арнайы рұқсат (лицензия) негізінде ғана айналыса алады.

Серіктестіктің айналысуға лицензия алу қажет қызметті жүзеге асыру құқығы осындай лицензияны алған кезден бастап немесе онда көрсетілген мерзімде туындайды және, егер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше белгіленбесе, оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тоқтатылады.

3-бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі, құқықтары мен міндеттері

1. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

2. Серіктестік қызметкерлерінің орташа жылдық саны екі жүз елу мыңнан асатын және (немесе) жылдық орташа табысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген үш миллион еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3. Серіктестікте мөр, мөртабандары, дербес теңгерімі, банктерде шоттары, өз атауы жазылған бланктері болады.

Серіктестікте өзінің тауар (фирмалық) белгісі мен символикасы болуы мүмкін, олардың үлгілерін Серіктестіктің Байқау кеңесімен келіскеннен кейін Бас директормен бекітіледі және белгіленген тәртіппен тіркеледі.

4. Серіктестік өз қызметінің мақсатына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқығы бар.

5. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

6. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

Серіктестік қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, өз Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7. Серіктестік Қатысушы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің жарғылық капиталына өзі салған салым құнының шегінде Серіктестік қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

8. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облигациялар мен өзге де бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

4-бап. Серіктестіктің жарғылық капиталы және мүлкі

1. Серіктестіктің жарғылық капиталы Қатысушының жеке салымы негізінде қалыптастырылған 136 003 000 (жүз отыз алты миллион үш мың) теңгені құрайды.

2. Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері Жарғының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

3. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы мүмкін.

Салымдар жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге жол берілмейді.

4. Қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайтуға оны толық төлегеннен кейін рұқсат етіледі.

Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту:

- Қатысушы жүргізетін қосымша салымдар;
- Жарғылық капитал мөлшерін Серіктестіктің меншікті капиталы есебінен, оның ішінде оның резервтік капиталы есебінен ұлғайту;
- Серіктестіктің құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталын мемлекеттік тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі мөлшерден төмен азайтуға жол берілмейді.

Жарғылық капиталды азайту Қатысушы салымды құрылтай құжаттарында мәлімделген жарғылық капиталдың толық мөлшеріне дейін енгізгеннен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының жарғылық капиталға бастапқы жарнасы, қосымша жарналар, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер есебінен, қарыз қаражаты және Серіктестік белгіленген тәртіппен сатып алған немесе алған басқа да мүлік есебінен, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Серіктестіктің мүлкі оның балансында ескеріледі.

6. Серіктестіктің тоқсан, жарты жыл немесе жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын бөлу Қатысушының тоқсан, жарты жыл немесе жыл ішіндегі қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған шешіміне сәйкес жүргізілуі мүмкін.

5-бап. Серіктестік органдары

1. Серіктестіктің органдары:

- 1) Қатысушы – жоғарғы орган;
- 2) Байқау кеңесі – басқару органы;
- 3) Бас директор – жеке-дара атқарушы органы болып табылады.

2. Серіктестік органдарының құзыреті, сондай-ақ олардың шешім қабылдау немесе Серіктестік атынан әрекет ету тәртібі Заңмен, басқа да заң актілерімен және Серіктестіктің Жарғысымен белгіленеді.

6-бап. Қатысушы

1. Қатысушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, осы Жарғының 12-бабында көзделген тәртіппен Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестікке өзінің қатысуын тоқтатуға;

5) Серіктестік таратылған жағдайда, өзінің қатысу үлесіне барабар кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған Серіктестік мүлкі бөлігінің тиісті құнын не Серіктестіктің осындай мүлкінің бір бөлігін заттай алуға;

6) Серіктестік органдарының Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;

7) Байқау кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық өзге де құқықтарды иеленуге және пайдалануға құқылы.

2. Қатысушы:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының талаптарын сақтауға;

2) Серіктестіктің жарғылық капиталына Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде салымдар енгізуге;

3) Серіктестіктің коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жарияламауға;

4) осы Жарғының 1-бабының 2-тармағында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы атқарушы органға жазбаша хабарлауға міндетті.

3. Қатысушының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оның Жарғысын өзгерту немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестіктің Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;

4) Серіктестіктің даму стратегиясын, Серіктестіктің даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту, сондай-ақ Серіктестіктің даму стратегиясының іске асырылуына,

Серіктестіктің даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

5) Серіктестіктің даму жоспарында жоспарланатын бірінші күнтізбелік жылға арналған бюджетін бекіту, сондай-ақ оны қалыптастыру, бекіту, түзету және орындау мониторингі процестерін реттеу;

6) Серіктестіктің Байқау кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы және/немесе өтемақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;

8) Серіктестіктің Байқау кеңесі туралы ережені бекіту;

9) Серіктестіктің Бас директорын белгіленген мерзімге тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Серіктестіктің Бас директорының лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау;

11) Серіктестіктің Бас директоры үшін қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;

12) Серіктестіктің Бас директорының басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

13) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

14) қызметтік жеңіл автокөліктердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыру үшін алаң нормаларын айқындау;

15) қызметтік іссапарға жіберілетін Серіктестіктің қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын айқындау;

16) қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын берген кезде Серіктестіктің қаражаты есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін, өкілдік шығыстардың лимиттерін айқындау;

17) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің Қатысушысынан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

19) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

20) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;

21) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын айқындау;

22) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім қабылдау;

23) Серіктестіктің нәтижесінде құны Серіктестік активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Серіктестік иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жинақтығында өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау;

24) Серіктестіктің басқа шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

25) Серіктестіктің облигацияларын шығару шарттары мен тәртібін айқындау;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік мүлкіне

косымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;

27) Серіктестіктің Қатысушысына және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

28) Серіктестіктің Кадр саясатын бекіту;

29) Серіктестік қызметкерлерінің жалпы санын, ұйымдық құрылымын, штат кестесін және Серіктестік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу схемасын бекіту;

30) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекіту;

31) тағайындауды немесе тағайындауды келісуді Қатысушы жүзеге асыратын қызметкерлер лауазымдарының тізбесін бекіту;

32) Серіктестіктің ревизиялық комиссиясын (ревизорын) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;

33) корпоративтік стандарттарды, әдістемелік ұсынымдарды және басқа да құжаттарды бекіту;

34) осы Жарғымен және Заңмен Қатысушының құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

4. Серіктестікте қатысушылардың жалпы жиналысы өткізілмейді. Қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қатысушы жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімдейді.

5. Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені карауға қабылдауға құқылы.

6. Серіктестіктің Қатысушысы өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Серіктестіктің Байқау кеңесіне немесе Бас директорына беруге құқылы.

7. Қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің Байқау кеңесінің немесе Бас директорының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

7-бап. Байқау кеңесі

1. Байқау кеңесі Серіктестіктің Бас директорының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғы мен Серіктестіктің Қатысушысы бекітетін Байқау кеңесі туралы ережеге сәйкес ұйымдастырады.

2. Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;

2) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларын, басқарушы директорларын және Бас бухгалтерін тағайындау, басқа жұмысқа ауыстыру, жұмыстан босату туралы және лауазымдық жалақысын, еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау туралы шешімдер қабылдау;

3) Серіктестіктің басқарушы қызметкерлері қызметінің мотивациялық негізгі нәтижелерін бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;

4) Серіктестіктің Бас директоры, Бас директордың орынбасарлары, басқарушы директорлары мен Бас бухгалтері үшін лауазымдық нұсқаулықтарды

бекіту;

5) Серіктестік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережені бекіту;

6) Байқау кеңесі хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Байқау кеңесі хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, Байқау кеңесі хатшысының қызметін бағалау, Байқау кеңесі хатшысының жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерді бекіту;

7) Серіктестіктің Байқау кеңесінің хатшысы туралы ережені бекіту;

8) Байқау кеңесі хатшысы қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін (мақсаттар картасын) бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру;

9) Серіктестіктің Комплаенс офицерін тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Комплаенс офицерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, Серіктестіктің Комплаенс офицерінің қызметін бағалау, Комплаенс офицерінің жұмыс жоспарлары мен қызметі туралы есептерді бекіту;

10) Серіктестіктің Комплаенс офицері туралы ережесі мен Комплаенс офицердің лауазымдық нұсқаулығын бекіту;

11) Серіктестіктің комплаенс мәселелерін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды және өзге де құжаттарды бекіту;

12) омбудсменді тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ омбудсмен туралы ережені және омбудсменнің жұмыс жоспарын бекіту, Серіктестік омбудсменінің есебін жыл сайын қарастыру;

13) Мінез-құлық (этика) кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерінің сақталуын камтамасыз ету;

14) Серіктестіктің есеп саясатын бекіту;

15) Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бекіту;

16) Серіктестіктің жалпы тәуекел-тәбетін, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, Серіктестіктің әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейін бекіту және деңгейді шектеу үшін лимиттер белгілеу, тәуекелдердің қолайлы деңгейлерін белгілеу, негізгі тәуекел көрсеткіштерін, Серіктестік тәуекелдерінің тізілімі мен картасын бекіту;

17) Серіктестіктегі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

18) Серіктестіктің негізгі тәуекелдерін сипаттаумен және талдаумен, сондай-ақ Серіктестіктің тәуекелдерін азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтермен бірге тәуекелдерді басқару жөніндегі Серіктестіктің есебін қарау;

19) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері тиімділігінің көрсеткіштерін (бағалауын) бекіту;

20) Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есептерді қарастыру;

21) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары және қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті қарастыру;

22) Серіктестік қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту;

23) Серіктестіктің корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту, оның мониторингі және Серіктестіктің корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есептерді қарастыру;

24) Серіктестіктің корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, өзінің құзыреті аясында Серіктестіктің тиісті құжаттарына өзгерістерді бекіту;

25) Байқау кеңесі мен Байқау кеңесі хатшысының қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту, Байқау кеңесі мен Байқау кеңесі хатшысының қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін жүргізу және қарау;

26) Байқау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту, оның мониторингісі және Байқау кеңесі жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарастыру;

27) Серіктестіктің Байқау кеңесі мүшелерінің сабақтастықты жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

28) корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты бекіту;

29) Серіктестіктің экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатты бекіту;

30) Серіктестіктегі еңбекті қорғау және өндірістік жаракаттанудың жай-күйі туралы есептерді қарастыру;

31) тұрақты даму саласындағы құжаттарды, тұрақты даму саласындағы бастамалар жоспарын (іс-шаралар жоспарын) бекіту және оның орындалуы туралы есепті қарау;

32) Серіктестіктің ақпараттық саясатын бекіту;

33) Серіктестіктің стейкхолдерлермен (мүдделі тараптармен) Коммуникация жоспарын, стейкхолдерлерінің (мүдделі тараптарының) картасын бекіту;

34) нәтижесінде құны Серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің отыз бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Серіктестік сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

35) Серіктестіктің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша лимиттер белгілеу;

36) Серіктестік немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

37) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

38) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды келісу;

39) Серіктестіктің тауар (фирмалық) таңбасы мен символикасының үлгілерін келісу;

40) Серіктестіктің басшы қызметкерлеріне тұрғын үйді жалға алуға ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу туралы шешім қабылдау;

41) өзінің құзыреті аясында корпоративтік мүдделер қақтығысын реттеуге қатысу және мониторинг жүргізу;

42) Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор мен қатысушы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің ішкі қызметін

реттейтін құжаттарды бекіту;

43) Серіктестік Қатысушысының айрықша құзыретіне жатпайтын заңнамада және Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

3. Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін Серіктестіктің бас директорына беруге болмайды.

4. Байқау кеңесі Жарғыға сәйкес Серіктестіктің Қатысушысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Серіктестіктің Қатысушысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

5. Қатысушы Байқау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін 3 (үш) жылға дейін белгілейді, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы да үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Егер Қатысушы өзгеше белгілемесе, Байқау кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан (екі үш жылдық мерзімнен) артық мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Байқау кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қарауға жатады.

6. Байқау кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлануы мүмкін.

Байқау кеңесінің немесе оның жеке мүшесінің өкілеттік мерзімі Қатысушы Байқау кеңесінің жаңа құрамын сайлау немесе Серіктестік Байқау кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

7. Қатысушы Байқау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

8. Байқау кеңесін Төраға басқарады. Байқау кеңесінің төрағасын Серіктестіктің Қатысушысы сайлайды.

9. Қатысушы Байқау кеңесінің сандық құрамын қызметінің ауқымын, бизнестің қажеттіліктерін, ағымдағы міндеттерді, даму стратегиясы мен қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып белгілейді, Байқау кеңесі мүшелерінің сандық құрамы 3 мүшеден кем болмауы тиіс.

10. Байқау кеңесінің төрағасы заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Байқау кеңесінің отырыстарын шақырады;

2) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді;

3) Байқау кеңесінің отырыстарында хататама жүргізуді ұйымдастырады;

4) егер Қатысушының шешімімен өзгеше белгіленбесе, Қатысушының шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілей отырып, Серіктестіктің атынан Бас директормен еңбек шартын жасасады. Бұл ретте, Бас директормен жасалған еңбек шарты Серіктестіктің Бас директорының материалдық көтермелеуі мен жауапкершілігінің Серіктестік қызметінің нәтижелеріне және қызметінің негізгі көрсеткіштерін орындауға тікелей тәуелділігін көздеуі тиіс.

11. Серіктестіктің Байқау кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Байқау кеңесінің шешімі бойынша Байқау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

12. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Байқау кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Серіктестіктің Байқау кеңесінің Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

13. Байқау кеңесінің отырыстары Төрағаның бастамасы бойынша, Байқау кеңесінің кез келген мүшесінің, Бас директордың, сондай-ақ Серіктестік Қатысушысының талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

14. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Байқау кеңесінің Төрағасына Байқау кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Байқау кеңесінің Төрағасы Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен қоса, ал сырттай дауыс беруді өткізу кезінде сырттай дауыс беруге арналған қосымша бюллетеньдермен қоса, Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 7 (жеті) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Төменде көрсетілген неғұрлым маңызды мәселелер бойынша материалдар 15 (он бес) жұмыс күнінен кем емес мерзімде ұсынылады:

1) Серіктестіктің басқарушы қызметкерлерінің қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштерін бекіту;

2) есепті жыл үшін Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

3) нәтижесінде құны Серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің отыз бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Серіктестік сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау;

4) Серіктестік қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту.

Отырысты өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны, сондай-ақ күн тәртібі туралы мәліметтер болуы тиіс.

Байқау кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

15. Байқау кеңесі жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Байқау кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

16. Байқау кеңесінің отырыстарына Серіктестікке аудит жүргізген аудиторлық ұйымның өкілдері, Серіктестіктің қызметкерлері, сондай-ақ өзге де тұлғалар шақырылуы мүмкін.

17. Байқау кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылған мерзімділігі жылына 8-12 отырысты құрайды.

18. Байқау кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама жіберу арқылы Серіктестіктің Байқау кеңесінің Төрағасын оның Байқау кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге міндетті.

19. Егер отырысқа Серіктестіктің Байқау кеңесінің сайланған мүшелері санының жартысынан астамы қатысса, Байқау кеңесі шешім қабылдауға құқылы.

Егер Байқау кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған азшылыққа жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Байқау кеңесі Серіктестіктің Қатысушысынан Байқау кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды талап етуге міндетті.

20. Байқау кеңесі отырысының белгіленген тәртіппен бекітілген күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Байқау кеңесінің шешімдері мынадай тәсілдермен қабылданады:

- күндізгі дауыс беру арқылы;
- сырттай дауыс беру арқылы;
- дауыс берудің екі түрінің үйлесуімен (аралас дауыс берумен). Дауыс берудің мұндай нысаны Байқау кеңесі мүшесінің(лерінің) Байқау кеңесінің отырысына жеке ені қатысуға мүмкіндігі болмаған және өз пікірін жазбаша түрде ұсынған жағдайда қолданылады.

Байқау кеңесінің мүшесі жазбаша пікірді Байқау кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынуы тиіс.

21. Байқау кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесі Байқау кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, олар техникалық байланыс құралдарын (яғни бейнеконференция және телефон конференц-байланысы сеансы режимінде) пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады.

22. Байқау кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған отырысқа төрағалық еткен тұлға, оның отырысына қатысқан Байқау кеңесінің мүшелері және Байқау кеңесінің хатшысы қол қояды және:

- 1) Серіктестіктің атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жерін;
- 2) отырысты өткізу күнін, уақытын және орнын;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібін;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелерді және олар бойынша дауыс беру қорытындыларын;
- 6) қабылданған шешімдерді;
- 7) Байқау кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

23. Дауыс беруден қалыс қалған немесе күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылданатын шешімге қарсы дауыс берген Байқау кеңесінің мүшесі жазбаша негіздеме ұсынады. Мұндай негіздемені Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің хаттамасына, шешіміне қоса тіркейді.

24. Байқау кеңесі Төрағасының қалауы бойынша Байқау кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешім қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Байқау кеңесінің сырттай отырысының шешімдері Байқау кеңесінің мүшелері қол қойған бюллетеньдердің негізінде хаттама түрінде ресімделеді, олар хаттамаға қоса беріледі. Хаттамаға Байқау кеңесінің Төрағасы мен хатшысы қол қояды.

25. Байқау кеңесі отырыстарының хаттамалары Серіктестік мұрағатында сақталады.

26. Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Байқау кеңесі отырысының хаттамасын және күндізгі/сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Байқау кеңесі хатшысының және Серіктестік мөрінің бедерімен расталған хаттамадан үзінді көшірмелерді және шешімдерді беруге міндетті.

27. Байқау кеңесінің мүшесі Бас директор мен Қатысушы деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Серіктестік меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауға және мұмкіндігінше жоюға тиіс.

28. Байқау кеңесінің мүшесі:

- Серіктестіктің мәміле жасаудағы мүдделілігі туралы, сондай-ақ қатынастағы немесе болжамды мәмілеге қатысты Серіктестікпен мүдделердің өзге қайшылықтары туындаған жағдайда кеңестің назарына жеткізуге;
- Серіктестікпен бәсекелес заңды тұлғаларды құру немесе оған қатысу ниеті туралы кеңесті хабардар етуге міндетті.

8-бап. Бас директор

1. Бас директор Серіктестіктің бірінші басшысы болып табылады және Серіктестіктің қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Бас директор өз міндеттерін орындау кезінде Бас директор Серіктестік мүддесі үшін адал және ақылға қонымды әрекет етуі тиіс.

2. Серіктестіктің Бас директорының құзыретіне заңнамада, Жарғыда, Серіктестіктің ішкі құжаттарында айқындалған, Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, оның ішінде:

1) заңнамада және Серіктестіктің Жарғысында көзделген тәртіппен Серіктестік атынан мәмілелер жасау;

2) Байқау кеңесі мен Серіктестіктің Қатысушы бекітетін құжаттарды қоспағанда, Серіктестік қызметін ұйымдастыруға бағытталған ішкі құжаттарды бекіту;

3) Серіктестіктің бекітілген даму жоспары (бизнес-жоспары), бюджеті мен Серіктестіктің тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алудың бағдарламаларын және ұзақ мерзімді жоспарларын бекіту;

4) Серіктестіктің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдау;

5) Байқау кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындау кезінде Серіктестіктің қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты жинауға сұрау салуды алған сәттен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей уақытылы қосымшаны қамтамасыз ету;

6) Серіктестіктің ұйымдық құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

7) Серіктестік Қатысушысының қарауына Серіктестіктің даму жоспарымен жоспарланатын бірінші күнтізбелік жылға арналған Серіктестіктің даму стратегиясын, Серіктестіктің Даму жоспарын, Серіктестіктің бюджетін дайындау және шығару;

8) Серіктестіктің Байқау кеңесінің қарауына Серіктестік қызметкерлеріне сыйақы төлеу туралы ережені дайындау және шығару;

9) Қатысушының қарауына Серіктестік қызметкерлерінің жалпы санын, ұйымдық құрылымын, штат кестесін және Серіктестік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу схемасын дайындау және шығару;

10) Серіктестіктің Байқау кеңесінің қарауына Серіктестік қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті дайындау және шығару;

11) Серіктестіктің қатысушысы мен Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

3. Бас директор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Серіктестікті басқарады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Серіктестіктің өкілі болуы құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта сенім арту құқығымен сенімхаттар береді;

4) Серіктестіктің атынан мәмілелер жасайды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

5) Байқау кеңесі қабылдаған шешімдер негізінде Серіктестіктің атынан Бас директордың орынбасарларымен, бас бухгалтермен еңбек шарттарын жасасады, сондай-ақ оларды ауыстыру мен жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

6) бекітілген жалпы штат саны аясында Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларын, Басқарушы директорларын және Бас бухгалтерін қоспағанда, қызметкерлерді қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларын, Басқарушы директорларды, Байқау кеңесінің хатшысын және Комплаенс офицерді қоспағанда, Серіктестіктің штат кестесіне сәйкес қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін айқындайды, Серіктестік қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерінің және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, қызметкерлер сыйлықақыларының мөлшерін анықтайды;

7) Бас директордың орынбасарлары арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

8) Серіктестіктің жұмыс режимін белгілейді;

9) Серіктестіктің ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Қатысушының, Байқау кеңесінің алдында Серіктестіктің жұмысы үшін жауапты болады;

11) Серіктестіктің және оның бөлімшелерінің банктік және басқа да шоттарын ашады;

12) бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

13) Байқау кеңесімен келіскеннен кейін Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Серіктестік қызметкерлерін мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды;

15) Серіктестіктің Қатысушысы мен Байқау кеңесінің шешімдерін іске асырады;

16) Серіктестік филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;

17) Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

18) Серіктестіктің атынан сот немесе төрелік талқылауларға бастамашылық жасайды және қатысады;

19) Байқау кеңесіне Серіктестіктің Байқау кеңесі белгілеген нысандар бойынша және мерзімде Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептер ұсынады;

20) Қатысушының, Байқау кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің Жарғысына қайшы келмейтін міндеттерді орындау үшін қажетті Серіктестіктің ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

4. Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндеттері осы Жарғыда, сондай-ақ Серіктестікпен жасалатын еңбек шартында айқындалады.

5. Серіктестіктің атынан Бас директормен жасалатын еңбек шартына Байқау кеңесінің Төрағасы немесе бұған Серіктестіктің Қатысушысы уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

6. Қатысушы Бас директорды белгіленген мерзімге, бірақ 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

7. Серіктестіктің Бас директорына:

1) Қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүлктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т.б. шарттарын қоса алғанда) жасасуға;

2) Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) Серіктестікпен қарым-қатынастарында үшінші тұлғалардың атынан немесе мүддесінде әрекет етуге;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салыналы.

Осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көзделген Бас директордың зайыбына да, барлық тікелей кейінгі және ата-тегі тамыры бойынша туыстарына да, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-сіңлілеріне де қолданылады.

Серіктестіктің Қатысушысы серіктестікке Бас директордың немесе оның жағарыда аталған туған-туыстарының осы баптың 7-тармағында көзделген тыйым салуларды бұзуынан келтірген зиянды серіктестікке өтеуін сотта талап етуге құқылы.

9-бап. Серіктестіктің Комплаенс офицері

1. Серіктестіктегі комплаенс тәуекелдерді бағалауды жүргізу және оларды азайту бойынша шараларды қабылдау, сондай-ақ комплаенс тексеру мен бақылау жүргізу үшін Серіктестіктің Комплаенс офицері тағайындалады.

2. Серіктестіктің Комплаенс офицері Серіктестіктің Байқау кеңесіне тікелей бағынышты және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. Комплаенс офицерге жетекшілік етуді Серіктестіктің Байқау кеңесі мен Қатысушының «Комплаенс» қызметі жүзеге асырады. Комплаенс офицердің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары, жауапкершілігі мен қызметті ұйымдастыру тәртібі Серіктестіктің Байқау кеңесі бекіткен Комплаенс офицер туралы ережесімен анықталады.

3. Серіктестіктің Комплаенс офицері белгіленген тәртіппен:

1) комплаенс тәуекелдеріне бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді, комплаенс тәуекелдеріне бағалау туралы есептерді дайындауды жүзеге асырады және оларды барынша азайту бойынша шаралар қабылдайды;

2) комплаенс бақылауды жүзеге асырады. Комплаенс саласындағы бұзушылықтар бойынша тергеу жүргізеді;

3) Серіктестікте комплаенс мәселелері бойынша Қатысушы мен Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттар мен өзге құжаттарды енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестік пен Қатысушының ішкі құжаттарына, Серіктестік Қатысушысының шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларындағы Комплаенс функциялары бойынша референс моделіне сәйкес оның құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады;

5) Серіктестік пен Серіктестіктің Комплаенс офицері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Серіктестіктің осы Жарғысымен және Серіктестіктің Бас директоры мен Комплаенс офицері арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

10-бап. Серіктестіктегі сыртқы аудит

1. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін Серіктестік Серіктестікпен, Байқау кеңесінің мүшелерімен немесе Бас директорымен арада міндеттік мүдделерге байланысты емес аудиторлық ұйымды тартуға құқылы.

Серіктестіктің Қатысушысы өз есебінен Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудиторлық тексеру жүргізуді талап етуге құқылы.

2. Егер Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудиторлық тексеру жүргізуден жалтарса, мұндай тексеру міндетті болғанда не оны жүргізуді Серіктестіктің Қатысушысы талап етсе, мұндай тексеру кез келген міндетті тұлғаның не Серіктестіктің Қатысушысының өтініші бойынша қабылданған шешімімен тағайындалуы мүмкін.

3. Серіктестік заңнамаға сәйкес есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібін және дұрыстығын сақтау үшін жауапты болады.

11-бап. Байқау кеңесінің хатшысы

1. Байқау кеңесінің хатшысы – Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайтын, Байқау кеңесі тағайындайтын және Байқау кеңесіне есеп беретін Серіктестіктің қызметкері.

Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің Төрағасы мен мүшелеріне бағынады және олардың алдында жауапты болады.

2. Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асырады. Байқау кеңесінің хатшысы Серіктестік органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің Серіктестіктің және оның органдарының Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасының ережелері мен нормативтерін, осы Жарғының және Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарының ережелерін сақтауына бағытталған рәсімдерді сақтауын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, Байқау кеңесінің хатшысы органдар арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді және корпоративтік басқарудың барлық мәселелері бойынша Байқау кеңесінің мүшелері мен Серіктестік үшін Кеңесші қызметін атқарады.

Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесі отырыстарының дайындалуына және өткізілуіне бақылауды жүзеге асырады, Байқау кеңесінің отырысына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді.

Байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесі мүшелерінің дәл және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

3. Байқау кеңесі хатшысының құзыреті, қызметінің тәртібі және жауапкершілігі белгіленген тәртіппен Байқау кеңесі бекітетін Байқау кеңесінің хатшысы туралы ережеде, сондай-ақ Серіктестіктің өзге де ішкі құжаттарында айқындалады.

4. Байқау кеңесі хатшысының басқа ұйымдарды немесе басқа ұйымдардың органдарында жұмысты орындауы және қызмет атқаруына Байқау кеңесінің келісімімен ғана жол беріледі.

5. Серіктестік пен Байқау кеңесінің хатшысы арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Серіктестіктің Бас директоры мен Байқау кеңесінің хатшысы арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

12-бап. Серіктестіктің ақпаратты ашуы.

Серіктестіктің құжаттары

1. Серіктестік Қатысушының назарына Серіктестіктің келесі оқиғалары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

1) Серіктестіктің бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Серіктестіктің бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Серіктестіктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Серіктестіктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;

2) Серіктестіктің нәтижесінде құны Серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлкігі Серіктестік сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы арқылы) мәмілелерді немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелерді жасауы;

Нәтижесінде Серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен

шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе өзге байланысты мәмілелер жиынтығы туралы ақпарат мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған активтер, мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

3) Серіктестік активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Серіктестіктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

4) Серіктестіктің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;

5) Серіктестіктің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Серіктестік бұрын алған рұқсаттардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату;

6) Серіктестік мүлкіне тыйым салу;

7) нәтижесінде баланстық құны Серіктестік активтері жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән- жіндіктердің басталуы;

8) Серіктестікті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

9) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

10) Серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

11) осы Жарғыға, сондай-ақ Серіктестіктің акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Серіктестік Қатысушысының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

2. Жарғының осы бабының 1-тармағында аталған Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдары, атап айтқанда мерзімді баспасөз басылымдары: «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттері және (немесе) Серіктестіктің WEB-сайты не Интернет желісіндегі өзге де WEB-сайт пайдаланылады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (Қатысушының назарына жеткізу) мерзімдері көзделмесе, Жарғының осы бабының 1-тармағында көрсетілген ақпарат ол туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады (Қатысушының назарына жеткізіледі).

4. Сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалғаны туралы ақпарат Қатысушыға Серіктестік корпоративтік дау бойынша азаматтық іс жөніндегі тиісті сот қаулы-ақталымын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

5. Серіктестік құпия ақпаратқа, қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Серіктестік қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жариялауға қамтамасыз етеді.

6. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттарды Серіктестік өз қызметінің бірінші мерзімі ішінде Серіктестіктің Бас директорының атынан атқарушы органның қарамағына орны бойынша сақтауға тиіс.

7. Мынадай құжаттар сақтауға жатады:

1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) қағаздар, Серіктестік органдарының шешімдері, күн тәртібіндегі шешімдер бойынша материалдар;

3) Серіктестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе Серіктестіктің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамас;

4) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға арналған лицензиялары;

5) Серіктестіктің өз балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

6) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;

7) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар.

8. Өзге құжаттар, оның ішінде Серіктестіктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

13-бап. Серіктестікті қайта ұйымдастыру

1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Серіктестіктің Қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Үлесгі иеліктен шығару немесе Серіктестіктің қатысушылар құрамының өзге де өзгерісі Серіктестікті қайта ұйымдастыру болып табылмайды.

2. Заң актілерінде белгіленген жағдайларда Серіктестікті оны бөлу немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше серіктестік бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Заң актілерінде белгіленген жағдайларда қосу немесе біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Егер заң актілерінде немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, қайта ұйымдастырылған Серіктестіктің мүлкі оны тіркеу кезінде оның қаржылық мұрагеріне ауысады.

14-бап. Серіктестікті тарату

1. Серіктестік оның Қатысушысының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Сот шешімі бойынша Серіктестік:

1) банкрот болған;

2) Серіктестікті құру кезінде жоюға болмайтын сипатта заң бұзушылыққа жол берілуге байланысты оның тіркелуі жарамсыз деп танылған;

3) қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе заң актілерімен тыйым салынған қызметті не заңдарды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған жағдайларда;

4) заңнамалық актілерде көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін.

3. Серіктестікті осы баптың 2-тармағында аталған негіздер бойынша тарату туралы шешімді сотқа, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар берілуі мүмкін.

4. Серіктестікті таратуды Серіктестіктің Қатысушысы немесе сот

тағайындайтын тарату комиссиясы жүргізеді.

Соттың шешімімен таратуды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер Серіктестіктің өкілеттілігіне; Серіктестік уәкілеттік берген органға; Серіктестікті таратуға оның құрылтай құрылтайшыларымен уәкілеттік берілген органға не сот тағайындаған өзге органға (тізбегіне) жүктелуі мүмкін.

15-бап. Серіктестіктің қызметін тоқтату

1. Осы Жарғының 12, 13-баптарында аталған негіздерді қоспағанда, Серіктестіктің қызметін тоқтатуға:

1) егер жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері заңнамада белгіленген ең төменгі мөлшерден аз болып қалған;

2) егер Қатысушы Серіктестікті тіркеу сәтінен бастап бір жыл ішінде оның жарғылық капиталын құрмаған жағдайлар негіз болуы мүмкін.

2. Жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері заңнамада белгіленген ең төменгі мөлшерден аз болып қалған жағдайда, сондай-ақ Қатысушы заңнамада белгіленген мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталын құрмаса, Қатысушы бір жыл ішінде жарғылық капиталға тиісті қосымша салымдар енгізуі қажет. Бұлай болмаған жағдайда Серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен таратылуға тиіс.

16-бап. Қорытынды ережелер

1. Егер Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл басқа ережелердің жарамдылығын әсер етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыда жол берілетін, жарғынасы жағынан жақын ережемен ауыстырылады.

2. Осы Жарғыда айтылмаған Серіктестік қызметінің қалған мәселелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Бас директор



Е. Копенов

Утвержден решением
Единственного участника
ТОО «АлматыЭнергоСбыт»
(протокол заседания Правления
АО «Самрук-Энерго» № 28)
от «04» августа 2022г.



**Устав
товарищества с ограниченной ответственностью
«АлматыЭнергоСбыт»**

г. Алматы 2022 год

Статья 1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «АлматыЭнергоСбыт» (далее - Товарищество) создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан, руководствуется Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом.

2. Единственным участником Товарищества (далее – Участник) является:

Акционерное общество «Самрук-Энерго» (свидетельство о государственной регистрации юридического лица 26877-1910-АО от 10.05.2007г.), место нахождения: Республика Казахстан, г. Нур-Султан, проспект Кабанбай батыра, 15 «А», Бизнес-центр «Q», Блок Б, реквизиты: БИН 070540008194, банковские реквизиты: ИИК KZ216010131000078623 в Алматинский областной филиал №139900 АО «Народный Банк Казахстана», БИК HSBKKZKX, КБЕ 17.

3. Полное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2) на русском языке: товарищество с ограниченной ответственностью «АлматыЭнергоСбыт»;

3) на английском языке: «AlmatyEnergySbyt» limited liability partnership.

Сокращенное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС;

2) на русском языке: ТОО «АлматыЭнергоСбыт»;

3) на английском языке: «AlmatyEnergySbyt» LLP.

4. Место нахождения (юридический адрес) Товарищества: Республика Казахстан, 050026, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Айтеке Би, дом д. 172, н. п 17.

